

Академик А. Құсайыновтың сөзі

*Педагогикалық ғылымдар академиясының
оқулық авторларына арналған оқыту
курстарының нәтижелері туралы*

*О результатах обучающих курсов для
авторов, организованных Академией
педагогических наук*

Тыңдаушылар туралы мәлімет

«Оқулықты әзірлеу және авторлардың кәсіби дағдыларын жетілдіру» / «Методология разработки учебника и совершенствование профессиональных навыков авторов» курсы 10 маусым күні басталды, әр тыңдаушы өз еркімен қалаған күні жазыла алады. Қашықтықтан оқыту жүргізуліде.

Тыңдаушылар құрамы:

Мектеп баспасы

Алматыкітап баспасы

Атамұра баспасы

Назарбаев зияткерлік мектептері

Көкжиек-Горизонт баспасы

Nur-Sultan Baspasy

Study Inn баспасы

Астана баспасы

Оксфорд баспасы

MM Publications баспасы

Өз еркімен

Педагогикалық Ғылымдар Академиясы курсты қалай ұйымдастырып, жүргізіп отыр:

- ПҒА ғалымдары критерийлер жасаумен шұғылданып, **«Оқулық сапасын бағалау критерийлері»** әдістемелік құралын әзірледі (2018 ж.);
- **«Оқулық» РҒПО бірлесе отырып, жаңа буын оқулықтарының сапасын бағалау критерийлерінің жаңа жүйесі әзірленіп, енгізілді және «Оқу әдебиеттері сапасын көтеруге бағытталған әдістемелік ұсыныстар» (2019 ж.)** дайындады;
- осы әдістемелік құралдарды дайындау барысында **оқулықтану ғылымын және критерийлер жүйесін меңгерген ғалымдар, әдіскерлер, тренерлер дайындалды;**
- **қашықтықтан оқытудың ең үздік технологияларын пайдалана отырып, барлық дәрістер кәсіби студияда жазылды;**

- **72 сағатқа негізделген «Оқулықты әзірлеу және авторлардың кәсіби дағдыларын жетілдіру» курсы дайындалды. Оның 31 сағаты теориялық бөлімді, 41 сағаты практикалық бөлімді құрайды;**
- **курс барысында әр тыңдаушыға жеке тренер бекітіледі, ол оның барлық сұрақтарына жауап беріп, қажетті консультациялық көмек беріп отырады;**
- **тыңдаушы бір модульден келесі модульге оны толық меңгерген жағдайда ғана өте алады;**
- **курс соңында әр тыңдаушы жеке творчестволық жұмыс: оқулықтың бір тақырыбын жазып шығады;**
- **Сертификат тыңдаушыларға барлық модульдарды меңгеруі және творчестволық жұмысты орындауы негізінде беріледі.**

Оқулық сапасын көтерудің 4 жолы:

– авторларды оқыту, оларға оқулықтарын жаңа критерийлер талаптарына сәйкес жазуды меңгерту. Ол үшін теориялық дәрістен көрі практикалық дәріс көбірек берілуі керек. Авторлар, дәріс барысында, оқулық сапасына қойылатын 128 критерийді толық меңгерулері керек. Курс меңгермеген тыңдаушыларға сертификат берілмегені дұрыс;

– оқулық авторлары мен эксперттердің арасында орын алып жүрген келіспеушіліктерді тоқтату. Осы уақытқа дейін оқулық сапасын анықтаудың жақсы критерийлер жүйесі болмаған еді. Ғылымдар мен «Оқулық» орталығы бірлесе отырып, отандық және әлемдегі ең озық тәжірибелерді ескеріп, жаңа жүйе жасады. Егер де эксперттер оқулыққа қатысты өз пікірлерін осы критерийлер негізінде айтатын болса, онда кем дегенде түсінбеушілік 50 пайызға тоқтайды;

- эксперттерді оқытқанда оларға да қатаң талаптар қою керек;

- оқулық туралы соңғы шешім пәндік комиссияларда шығарылатын болғандықтан, ол комиссия мүшелері де оқулық сапасына қойылатын талаптарды меңгергендері дұрыс. Айталық, эксперттер мен авторлар бір оқулықтың «Қабылдау аппаратына», «Трансформациялық қызметіне» және «Оқу сауаттылығына» (PISA) қатысты ортақ шешімге келе алмады делік. Сонда пән комиссия мүшелері осы мәселелерге қатысты өз пікірлерін айта алатын болса, онда барлық келіспеушілік шешіледі және мұндай жағдайда оқулықтардың сапасы жаңа деңгейге көтерілетін болады.